

«Айкөркем» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

12.11.24. *[Signature]*

Әдіскер: Бекиева.Л

Ашық сабақ
«Математика еліне саяхат»

Тәрбиеші: Базарбай.А.Қ

Тобы: «Құлыншақ» ересек тобы

2024 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным.

Тақырыбы: «Математика еліне саяхат».

Мақсаттары: Дербестікке, оқу міндетін түсіну және оны өз бетінше орындауға тәрбиелеу.

Дамытушылық: Балалардың конструктивтік қабілеттерін, логикалық ойлауын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Оқыту: 1 -ден-5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру; Уақытты бағдарлауды бекіту (тәулік бөліктері, жыл мезгілдері, ай); Геометриялық фигуралар туралы балалардың түсініктерін бекіту: геометриялық фигураларды ажырата білу, оларды қасиеттері бойынша (түсі, пішіні және көлемі бойынша) салыстыра білу.

Педагогикалық технологиялар : АҚТ, деңгейлеп оқыту тех-сы (даралау, саралау), ойын тех-сы, денсаулық сақтау тех-сы, Кьюзенер тех-сы.

Ресурстармен қамтамасыз ету: хат, кілем-ұшақ, геометриялық фигуралары бар құлып, доп, әр балаға командаларға бөлуге арналған амулеттер (шеңберлер мен квадраттар, үшбұрыштар), сандар жиынтығы, Кьюзенер таяқшалары, түрлі түсті шеңберлер.

Билингвальды компонент: Сандар-цифры, үшбұрыш-треугольник, тікбұрыш-прямоугольник, шаршы-квадрат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастырушылық кезеңі:

- Балалар мен бүгін таңертең үстелдің үстінен ересек «Құлыншақ» тобының балаларына арналған хат тауып алдым. Оны ашып, ішінде не жазылғанын көрейік.
- О, мынау Жолдау ғой. Бір қызығы, ол кімнен екен? Кәнекей, оны оқып шығайық, сосын бәрі анық болады.

"Қымбатты балалар, біздің математика елінде қайғы орын алды. Ашулы сиқыршы патшалықтың барлық тұрғындарын сиқырлап тастады. Барлық сандар сандық қатардан шатасып араласып кетті, геометриялық фигуралар өз аттарын ұмытып қалды. Мен бір жыл бойы сендерді математика сабағында қалай қызықты ойнағандарыңды байқадым, тек сендер ғана барлық тапсырмаларды орындап, Сиқырды алып тастай аласыңдар. Математика Ханшайымы".

Негізі бөлім

- Балалар, біз математика елінің тұрғындарына көмектесеміз бе? (Балалардың жауаптары).

- Саяхатқа немен барамыз? (Балалардың жауаптары)

- Мен сендерге кілем-ұшақпен Математика еліне саяхат жасауды ұсынамын.

- Көзімізді жабайық. Бір, екі, үш-математикалық еліне барайық!

- Міне, Математика еліне де келіп жеттік. Ой, балалар, ашулы сиқыршы патшалықтың қақпасына үлкен құлып салып қойыпты.

Оны ашу үшін, біз пішіндердің қайсысы артық екенін табуымыз керек.

- Балалар, құлыпта қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар? (Балалардың жауаптары).

-Мұнда бірдей пішіндер бар ма? Оларды салыстырыңдар, олар несімен ұқсас және айырмашылығы неде? (пішіні, түсі, көлемі бойынша салыстыру). Қалай ойлайсыңдар, қандай пішін артық? -Пішін несімен ерекшеленеді? (Балалардың жауаптары).

-Шеңбердің бұрыштары жоқ. Жарайсыңдар, құлып ашылды, біз математика патшалығына кіре аламыз.

1-тапсырма

"Қызық оқиға, Сирек жағдай, Сандар түсті дауға, Міне, солай! Өз көршісімен тұруға, Бір де бір сан қаламайды, Сандарды татуластырып ,олардың реттік қалпына келтіру керек» Бірақ бұл тапсырманы орындау үшін сендерді 3 топқа бөлемін. Тапсырмаларды орындауға көмектесетін менде қорғаныс амулеттер бар.

- Сандар шатасып,араласып кетіпті. Оларды реттік қатарға орналастырыңдар.

Жоғарғы деңгей: - балалар 1-мен 5-ке дейінгі сандардың арасынан түсіп қалған сандарды қояды және көршілерін атайды. Орташа деңгей-балалар 1-мен 5-ке дейінгі сандарды ретімен қояды және тура және кері санайды. Төменгі деңгей-балалар 1-мен 5-ке дейін тура және кері санайды. - Ал енді бір-біріне қонаққа барып, тапсырманың дұрыс орындалғанын тексеріңдер. Жарайсыңдар сендер бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар. Саяхатымызды жалғастырайық.

2-ші тапсырма.

Балалар, мына алаңқайда бізді ойын күтіп тұр, жай ойын емес. Ойынның аты «Сұрақ-жауап» деп аталады. Ашулы сиқыршы әдейі әрбір жерде қалдырған қателіктерді түзетуге көмектеседі. Доппен ойын «Сұрақ-жауап»

- Күннің көзі қай кезде шығады? - Таңертеннен кейін тәуліктің қай бөлігі келеді? - Үйге балабақшадан қай кезде қайтамыз? - Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілінде неше ай бар? - Аптада қанша күн бар?

Балалардың жауаптары.

- Жарайсыңдар! Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық.

- Сиқыршы қандай математикалық тапсырма дайындап қойды екен, көрейік! Ол үшін амулеттерінің пішіні бойынша үстелдерге отыруды ұсынамын.

3-тапсырма

- Сонымен, сендердің алдарында таяқшалар тұр. Таяқшаның санына байланысты геометриялық пішіндер құрастыру керек.

Жоғарғы деңгей - балалар бес бұрыш құрастырады. Орташа деңгей - балалар төртбұрыш құрастырады. Төменгі деңгей - балалар үшбұрыш құрастырады. Жарайсыңдар, бұл тапсырма да қиындықтар тудырмады.

- Балалар, сендер барлық тапсырмаларды орындап, Математика елін тәртіпке келтірдіңдер, ал ашулы сиқыршы мейірімді сиқыршыға айналды. Ханшайым сендерге көмектерің үшін өте риза.

Қорытынды:

- Балалар, сендерге біздің саяхат ұнады ма? Сендерге саяхат несімен оңай болды және қиын болған тапсырма? (Балалардың жауаптары).

Ал енді бізге балабақшаға қайту керек. Көзімізді жабайық, 5-тен 0-ге дейін кері санауды бастайық. (балалар хормен санайды). - Міне, біз балабақшадамыз.





